

**Kazakh transcript:**

Қазақта неше түрлі зергерлік бұйымдары бар. Мен сіздерге Матыжановтың кітабі бойынша қазақтардың зергерлік бұйымдары туралы айтып берейін. Қазақтың зергерлік өнері – тамырын тереңнен алатын дәстүрлі мәдениеттің көрікті және көрнекті саласы. Зергер болу – киелі де қасиетті өнер саналған. Оған ең алдымен табиғаттан дарыған тума талант керек. Екіншіден, ол - атадан балаға немесе ұстаздан шәкіртке ауысып отыратын тылсым сыры бар, халықтың дәстүрлі дүниетанымымен, тарихи болмыс бітімімен, салт-дәстүрімен байып отыратын кәсіпкерлік кәсіп.

Дәстүрлі зергерлік өнерде шеберлер әр түрлі құрал-саймандарды өздері жасап пайдаланған. Олардың бір қатарлары мыналар: көрік, қышқак, төс, сым тартқыш.

Зергерлердің аса көп жасайтыны - әйелдердің әшекей бұйымдары. Қазақ әйелдері кеуделеріне алқа, құлақтарына сырға, шаштарына шолпы, білектеріне білезік, саусақтарына жүзік таққан. Бір-біріне үзбелеп бекітілген үлкенді-кішілі өрнекті алқалардан құралатын салмақты да салтанатты өңір-жиектер аса көзтартарлық әсем болады. Қатар-қатар тізбектелген тастар қондырылып жасалған тамақ алқа асыл матамен әдіптеледі. Ал інжу-маржан қадалған тамақшалар - қыздар жиі тағатын бұйымдар.

Кеудеге тағылатын әшекейлер қатарына түрлі-түсті, сәнді түйреуіштерді, асыл тасты тұмарларды, небір қымбат тастармен безендірілген таналар мен күмістен соғылған түймелерді, ілгешектерді жатқызуға болады.

Қазақ зергерлері сырға жасаудың тым көне сырларын меңгерген. Мәселен, Қарғарлы археологиялық қазбасынан біздің заманымызға дейінгі кезеңге жататын алтын шекелікпен бірге тас қондырылған сырға табылған. Қазақ зергерлері жасайтын ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, қозалы сырға, салпыншақ сырға, шұжық сырға, сабақты сырға және шашақты сырға деген сияқты әр өңірде алуан аталатын түрлері өте көп.

Келесі зергерлік бұйымдардың бір түрі – қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағатын - шаш теңге, шолпы, шашбау деп аталатын әшекейлер болған. Шаш теңгелер мен шолпылар көп жағдайда әсем шиыршықты алған күміс үзбе бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады. Тоғыз - қазақ ұғымында киелі сандардың бірі. Олар бір-бірімен ұзыннан-ұзақ жалғасып, шаштың ұшына бірге өріледі. Шаштың ұшында салбырап тұрған әшекейлер қыз жүрісіне үн қосып, әсем әуен шығарады.

Шашбау да бір-бірне сым үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен немесе күміс әшекейлермен әсемделеді.

## English translation:

The Kazakhs have different kinds of jewelry. I will be telling you about Kazakh jewelry by Matyzhanov's book. The Kazakh jewelry is a beautiful and special branch with a long history and traditions. Being a jeweller was a holy and honored craft. First of all, for this a person must be of manifold gifts. Secondly, it was business with its secrets, enriched with nation's world-outlook and historical background. The business passed from father to son or from master to the apprentice.

In traditional jewelry art masters made the tools and used them themselves. Some of them are bellows, pincers, anvil, the tool for stretching wire.

The most common thing the jewelers make is women's jewelry. The Kazakh women would wear necklaces on their necks, earrings in their ears, *sholpy*<sup>1</sup> in their hair, bracelets on their hands, and rings on their fingers. The necklaces, made of a series of large and small decorative chains, heavy and beautiful at the same time, are eye-catching and attractive. The necklace, made of a row of stones, is decorated with expensive fabric. The necklace made of a row of pearls and coral is mostly worn by girls.

Among the decorations worn on the chest are different nice pins, talismans from precious stones, buttons from expensive stones and silver buckles.

The Kazakh jewelers made earrings in which very ancient knowledge is reflected. For example, earrings with stones in gold frames dated from the time before Christ were found in Kargarlyk archeological excavation. The Kazakh jewelers could make different earrings...earrings in the form of the moon, earrings with stones, earrings in the form of a cupola, hanging earrings, earrings with different tassels and fringes.

The next kind of jewelry is decorative things worn by girls and young women. They are coins for hair, *sholpy*, ribbons. Coins for hair and *sholpy* mainly consist of beautiful silver threads with nine coins. Nine in Kazakh perception is one of the special figures. They are joined together and plaited into the edges of hair. Hung from the edge of the hair, these decorative things would add charm to girls' walking and produce nice sounds.

A hair ribbon is joined together by wire. Coins with eyes from precious stones are added in the middle of it. The edges are decorated with beautiful tassels or silver.

**About CultureTalk:** CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated

---

<sup>1</sup> *Sholpy* – women's adornment usually worn in hair